

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы N 452 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 5 желтоқсандағы N 2020 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 ақпандағы № 195 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.02.2013 № 195 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Білім беру қызметіне қойылатын лицензиялау ережесі мен оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы N 452 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 18, 202-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарында:

1-тармақтың 7) тармақшасындағы "немесе жедел басқару" деген сөздер ", жедел басқару немесе мүліктік жалдау (жалға алу)" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 13-тармақпен толықтырылсын:

"13. Арнайы білім беретін бағдарламаларды іске асыратын ұйымдардың қызметіне қойылатын біліктілік талаптары:

1) арнайы және арнайы (түзеу) ұйымдарға қабылдауды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысына сай жас шамасына және топтың, сыныптың толымдылығына сәйкес жүзеге асыру ;

2) жоғары және бірінші санаттағы тәрбиешілер, мұғалімдер үлесі олардың жалпы санының 20 пайызынан кем болмауы;

3) білім алушылар контингентіне шаққанда бір білім алушыға толық оқу цикліне саны кемінде 15 бірлік басылымнан келетін оқу әдебиеті қорының болуы ;

4) білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы;

5) білім беру ұйымы жағдайының қолданыстағы санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкестігі;

6) мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік жарақтандыру мен қамтамасыз етуге қойылатын ең төменгі талаптардың нормативтеріне сәйкес өзінің меншік құқығында бар жабдықтардың саны мен сапасы туралы өтініш берушінің мәліметтерімен расталатын ұсынылатын арнайы білім беру қызметтерінің тиісті сапасын қамтамасыз ететін материалдық-техникалық б а з а н ы ң б о л у ы ;

7) оқушылар мен тәрбиеленушілерге арналған тамақтандыру объектісінің б о л у ы ;

8) меншік не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық және материалдық емес активтердің болуы.".

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*